

Бекітемін:
«Аяна» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі: К.Керимбаева

«Аяна» бөбекжай балабақшасының Әдістемелік кеңес
отырысының жұмыс жоспары
2023-2024оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Әдістемелік кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде: 1. Әдістемелік жұмыс жоспарын талқылап,бекіту. 2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың 2023-2024 оқу жылындағы педагогтардың басты міндеттерімен таныстыру. 3. Әдістемелік көмек .Тәрбиелеу -білім беру процесінің программа жазу тәсілі жайында. 4. Жаңа қабылданған балалардың бейіделуі. 5. Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек 2023ж	Хаттама
2	Әдістемелік кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде: 1. №1әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы. Баяндама. 3. Өткізілген ашық іс-әрекеттердің қорытындысы. 4. Ағымдағы мәселелер.	Қараша 2023ж	Хаттама
3	Әдістемелік кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде: 1. ”Педагогикалық этика”дегеніміз не?.(Баяндама) 2. Мерекелік Ертеңгіліктер талапқа сай жүргізілуі. 3. Тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері тура	Наурыз 2024ж	Хаттама

4	Әдістемелік кеңесінің №4 отырысы Күн тәртібінде: 1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Оқу жылының қорытынды нәтижесі 3. 2024-2025 оқу жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау, пікір алмасу ұсыныстар, міндеттер, қызметтің негізгі бағыттары 4. Балалардың мектепке оқуға дайындығы	Мамыр 2024ж	Хаттама
---	--	-------------	---------

ЖШС “Аяна”бөбекжай балабақшасының әдістемелік кеңес

№1 хаттамасы

Уақыты: 01.09.2023ж

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйе беру.

Барлығы:20

Қатысқаны:20

Күн тәртібінде

6. Әдістемелік жұмыс жоспарын талқылап,бекіту.
7. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың 2023-2024 оқу жылындағы педагогтардың басты міндеттерімен таныстыру.
8. Әдістемелік көмек .Тәрбиелеу -білім беру процесінің программа жазу тәсілі жайында.
9. Жаңа қабылданған балалардың бейіделуі.
- 10.Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. Әдіскер Ж. Садыкова оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында әдістемелік тақырып таңдау керектігі туралы айтты.Педагогикалық тақырыптың өзекті мәселеге байланысты болуы,өзекті мәселенің оқуға қойылатын мақсат-міндеттеріне байланысты және әр педагогтың дағдыларына қатысты болуы керек дегенді айтты.Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтар тарапынан жауапкершілікті талап етеді.Сондықтан педагогтардың әрбір іс-әрекетті түрде дәстүрлі,дәстүрлі емес түрлерін өту дағдыларын жетілдіруді талап етеді.Қазіргі заан талабына сай тәрбиеленушілерге жаңа технологияларды пайдалана отырып,білім мен тәрбие беруді ойластыру қажет.Педагогтардың ізденіп жаңаша жұмыс жасауларын қадағалап,бақылау және оны әдістемелік жұмысының жоспарына енгізу қажет екенін айтты.

2. 2023-2024 оқу жылының әдістемелік жұмыс жоспарының міндеті:Жалпыға міндетті білім беру стандарт аясында мемлекеттік бағдарлама негізінде балалардың білім беру дағдысын қамтамасыз етуді жалғастыру;

-балаларды қызықты ойын түрінде білім беру дағдыларын кіріктіріп тәрбиелеу,оқыту және дамыту міндетін атап айтты;өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей,шаршатпай, жалықтырмай,сұрақтарына жауап беруіне,шешім мүмкіндік беру керектігін айтты.Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдары негізгі міндеттерді атқарады.

1. Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
2. Балаларға жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жұмыс жасау ;

3. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен жұмыс жасау.

4. Азаматтылықты патриотизмді және қоршаған ортаға ,Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

3. Ж.Садыкова перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынады деді.Балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алуға,өзгертіп түрлендіруге болатынын айтты.Педагогтар белсенді зерттеуші және жұмыс істеудің жаңа нысандарын,жаңашыл және жауапты атқарушы .

Педагог келесі функцияларды атқаратынын айтты:

-перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады,баланың даму картасын толтырады.

-ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуді;

-таңертең қабылдап,таңертеңгі жаттығу (ойын,шығармашылық,серуен,жеке жұмыс) ұйымдастырады;

-балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізеді;

-ертеңгіліктерді ,мерекелер мен ойын-сауықтарды,спорттық іс-шараларды т.бұйымдастырады және өткізеді.

-білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараға қатысады.

Перспективалық жоспар әрбір айға жеке-жеке білім ұйымының кестесі Үлгілік оқу жоспарында айқындалған ұйымдастырылған іс-әрекеттерден құралады,ал циклограмма әр аптаға құрылады,балаларды қабылдап бастап,түрі балалар әрекеттерін, серуені өткізу,күндізгі ұйқыны балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қажет ететінін айтты.Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құралатынын айтты.

4. Балабақшаға жаңа келген балаларда алғашқы уақытында бейімделуі жақсы және жайлы болу қажет.Бейімделу кезеңінде әрине педагог жұмысын жүргізіп отыру керектігін айтты.

5. Қыркүйек айында білім күніне орай тақырыптық “Білімді ел-мәңгі ел” тәрбиелік шаралар ұйымдастырылды және ата-аналарға мәліметтер берілді.Қыркүйек айының соңында “ Күзгі сый ” атты тақырыбында ұйымдастырылған оқу ашық іс-әрекеті өтілуі жоспарланған.Әрбір іс-шараны тәрбиеленушілерге өткізудің тәрбиелік мәні зор.Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуы қажет,сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрсетіп айтып аяқтады.

Шешім:

1. Әдістемелік жұмысын жоспарын талқылап бекіту.

2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың 2023-2024 оқу жылындағы педагогтардың басты міндеттерімен таныстыру.

3. Әдістемелік көек көрсету.

4. Жаңа қабылданған балалардың бейімделуі.

5. Ағымдағы мәселелерді талқылау.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

К.Керимбаева

Хатшы:

Г.Абдикаримова



A handwritten signature in blue ink, likely belonging to the secretary, G. Abdikarimova.

Әдістемелік кеңестің

№2 хаттамасы

Уақыты: 26 қараша 2023 жыл

Қатысқаны: 20

Меңгеруші, әдіскер-1

Тәрбиешілер-20

Медбике-1

Күн тәртібінде:

5. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
6. Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы.
Баяндама.
7. Өткізілген ашық іс-әрекеттердің қорытындысы.
8. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша Ж.Садыкова өткен №1 әдістемелік кеңестің орындалып, жүзеге әлі де толық асырылуы қажет деді.
2. Балабақша меңгерушісі Қ.Керімбаева тәрбиеші Б.Ашироваға баланың денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Сондықтан ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндеті болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өзі жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығын алудың қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет екенін атап өтті. Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру сауықтыру шаралары - дене шынықтыру іс-әрекетінде көрсетілген.
3. Меңгеруші Қ.Керімбаева сөз алып, өтілген шық іс-әрекеттерінің жақсы өткізілгенін айтты. Алдағы уақытта ашық іс-әрекеттерге жас мамандар қатысып, ой түргіп алуын ескертіп кетті. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет балалардың қызығушылығын арттыру үшін ойын түрінде ұйымдастырған деді. Бұл дегеніміз балалардың іс-әрекеттерге қызыға қарайтындығын ойын арқылы түйетіндігін айта өтті. Ал тәрбиешілер ашық іс-әрекеттердің өз дәрежеде өтілуіне барымызды салуға

тырысатынын айтты.Балалар ашық іс-әрекеттеріне белсене қатысуы олардың қызхығушыфлығын арттыру екенін айтты.

4. Сонымен қатар алдағы уақытта жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті.Желтоқсан айында өтілетін Тәуелсіздік күні және жаңа жыл мерекелік іс-шаралардың өтілуі.Топтпрда ата-аналар бұрышына құттықтау ілініп,барлық мәлімет берілсін.Іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін.Алдағы уақытта ата-аналар жиналысы өткізіліп хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру шынықтыру шаралары қолға алынсын.
3. Өткізілген ашық іс-әрекеттері қорытындыланды.
4. Ағымдағы мәселелерді талқылады.

Әдістемелік кеңес төрайымы

К.Керимбаева

Хатшы :



Г. Абдикаримова



Әдістемелік кеңес жиналысының

№3 хаттамасы

Уақыты: 05.03.2024 жыл

Қатысқаны: 20

Меңгеруші, әдіскер-1

Тәрбиешілер-20

Медбике-1

Тақырыбы: Жаңа технологиялық Әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары.

Күн тәртібінде:

4. "Педагогикалық этика" дегеніміз не? (Баяндама)
5. Мерекелік Ертеңгіліктер талапқа сай жүргізілуі.
6. Тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері тура

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз Қ.Керімбаеваға берді. Қ.Керімбаева былай деді: Әдепті болу әр адамға Әдептілік адамның жақын қасиетінің бірі. Педагогикалық этика-адам көрінісі, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәдениеті, өзін дұрыс ұстауы әрі ортасын байланысты киім-киісі, сөйлеу мәнері, дене қимылы жатады. Жеке адам мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы, этикалық сұлулықтың Абайдың сөзімен айтқанда адамда бет, киім, жан, ой бәрі сұлу болу керек, сұлу болып жүрейік. Балалық өмірдің ең қызықты кезеңдері білім орта. Сол білім ортасының тұлғасы-ұстаз. Ұстаз шәкірттің жан сұлулығы нағыз адамдық асыл қасиеттерінің жақсара түсуін қадағалайды, қамқорлық жасап баласындай көреді. Балаға адам ретінде қадірін болу, ол үшін киімнің, сөйлеу, жүріс-тұрысың, қарым қатынасын үлгі болатындай болу керектігін айтты.

2. Әдіскер: Ж.Садикова сөйледі: Мерекелік Ертеңгіліктерде балалардың көрсетуі, ән айтуы, би билеуі, тақырыптарды жатқа айтуы шығармашылықтың ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыратын басты фактор. Ертеңгілік жоспарлағанда әр педагогтың алданда ертеңгілікті қалай ұйымдастырылғанына байланысты, тақырыптық ертеңгіліктер, әдеби ертеңгіліктер. Мерекелерді алдын ала әдіскер, тәрбиеші, ата-аналармен бірлесіп, жоспарлау керек. Тақырыбы, мақсаты айқындап, сценарийін құру, өз пікірлерін білдіріп кезең дайындық кезеңі. Балаларға мереке жайлы түсіндіру, тақырыптарды, рөлдерді бөліп беру, мәнерлеп айту, дұрыс тұру, жүруді үйрету, көмек көрсету. 3-ші өз өнерлерін көрсететін кезең. Залды ерекеге сай безендіру. Баланың мүмкіндігі мен шығармашылығын көрсететін сәттерге қортынды кезең. Ертеңгілік өткен соң 1-2 күнде жетістіктері мен кемшіліктері сараланады, салыстырады. Келесі ертеңгілікті жүргізу тәртібі кесте болып тандалатынын айтты.

3. Келесі мәселе бойынша әдіскер былай деді: Мектепке дейінгі ұйымдастырылған тәрбиелеу білім беру қызметін. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу білім беру қызметін. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті

стандартына сәйкес жүзеге асырылған.Тәрбиеленушінің тұлғасын жан жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

-физикалық дамыту:

-коммуникативтік дағдыларды дамыту:

-Шығармашылық дағдыларын ,зерттеу іс-әрекетін дамыту:

-Әлеуметтік -эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

-Танымдық дағдылар іске асырылады:

Осы дағдыларды қалыптастыру үшін дене шынықтыру,сөйлеуді дамыту әдебиет.сауат ашу негіздері,құрастыру,қоршаған ортамен таныстыру сурет салу,мүсіндеу,жапсыру,музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кірісіп жүзеге асырылады деді.

Шешім:

1. ”Педагогикалық этика”Дегеніміз не?.(Баяндама баяндалды)
2. Ертеңгіліктердің талапқа сай өтуі үнемі қадағалансын.
3. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері талқыланын.
4. Ағымдағы мәселелерді талқылайды.

Әдістемілік кеңес төрайымы:

К.Керимбаева

Хатшы:



Г.Абдикаримова

“ Педагогикалық этика” дегеніміз не?

Педагогикалық этика-моральдік тұтас педагогикалық процесс жағдай қызмет етуінің ерекшелігін білдіретін этиканың құрамды бөлігі, педагогтың адамгершілік іс-әрекетінің әрқилы аспектелері туралы ғылым. Педагогикалық этика әдеп -этика ғылымының өзіндіктарауы болып табылады

Педагогикалық мораль ерекшелігін зерттейді , педагогикалық кеңбек саласында жалды адамгершілік ұстанымдардың жүзеге асыру өзгешелігін анықтайды, оның функциясы, этикалық санат мазмұны принциптерінің өзгешелігін ашып . Сонымен қатар, педагогикалық әдеп оқыту-тәрбиелеумен кәсіби түрде айналысатын адамдар арасындағы және кәсіби түрде адамгершілік пен педагогтың адамгершілік қызметтерін және педагог ортасында қалып өзгеше тәртіп пен мінез-құлық т.б. зерттейді.

Педагогикалық этика педагогикалық мораль мен моральдық құндылықтардың

Негізгі санаттарының түпкілікті мәнін қарастырады. Адамдардың адамгершілік қасиеттері мен мінез-құлқына, іс-қимылына және өмірлік алуан түрлі т.с.с. өзіндік баға беретін мейірімділікпен зұлымдық, адалдық пен ар-намыс түсініктер жүйесін моральдық құндылықтар деп атауға болады. Педагогикалық қызметте моральдық түсініктердің негізгі түрлерінің бәрі қолданылады. Педагогикалық қызмет пен қарым-қатынас тәрізді түсініктер этиканың тарауына қатысты педагогикалық түйсінуге тәрізді жекелеген түсініктерді көрсетеді. Осындай санаттың ішінде кәсіби педагогикалық борыш, пен педагогтың әділдік. Педагогикалық ар-намыс және педагогикалық бедел бар.

Педагогикалық этика педагогикалық мораль мен моральдық құндылықтардың

Педагогикалық этика-деген кең ауқымды мағына. Тәрбиеші деген абыройлы атаққа лайықты болу үшін педагог жан жақты білімді қана қоймай сондай-ақ әділде әдепті, қарапайымда кішіпейіл, бауырмалда қайырымды, қысқасы жоғары саналы азамат болуы тиіс деген сөз. Әрине бұл әбден орынды, солай болуымыз ында абыройлы міндет.

Этика этикамен өнер мен өнегелік қалай байланысты боса , солай тығыз байланысты..

Этикалық қателіктер мен оларды болдырмау:

Педагогтың балаға деген қатынасында туындайтын этикалық қиындықтар.

Бала мен ата-ана арасындағы қарым қатынас.

Балабақша Қызметкерлерінің өзара қарым қатынасы және этикалық нормаларды сақтау.

Этикалық мәселелерге шешім қабылдау жолдары.

4. Құқықтық және этикалық жағдайларды шешу тәсілдері

Құқықтық және этикалық Мәселелерді шешудің практикалық тәсілдері.

Балабақшада этикалық нормаларды сақтау үшін педагогтердің ұстануы тиіс қағидаттар.

Құқықтық және этикалық мәселелерді шешуде педагог пен әкімшіліктің бірлескен жұмысы.

Дұрыс шешім қабылдау. ашық диалог және түсінік орнату.

Екінші мәселе бойынша әдеп кеңесінің мүшесі: У.Умирзакова

Эмоциялық қолдау дегеніміз-адамның эмоциялық күйін түсіру және оны қолдау мақсатында тиімді әрекеттер жасау.

Балалармен қарым қатынаста қолдау көрсету әдістері.

Белсеңді тындау(құлақ салу және баланың сезімдерін түсіну).

Эмпатия(баланың есімдерін өзіңнің сезімдеріңмен салыстыра отырып түсіну).

Қолдау сөздері менмейірімді тілектер(баланың өзін жақсы сезінуі үшін)

Қиын эмоцияларды Қабылдау және оларды қалыпты жағдайға келтіру.

4. Рөлдік ойын

Жұптық жұмыс.Қатысушылар жұпқа бөлініп .рөлдік ойындарды орындап көре алады.әр жұп бір біріне эмпатия көрсету және қолдау көрсету әдістерін қолданады.

Жағдай1:Бір бала мектепке немесе балабақшада қобалжып отыр.Өйткені ол жаңа ортаға үйреніп келе жатыр.Педагог баланың сезімін түсініп қолдау көрсетуі керек.

Жағдай 2:Бала өзін қолайсыз сезініп.ренжіп отыр.өйткені оның ойы дұрыс шықпаған.Педагог баланың эмоцияларын қабылдап.оны қайтарып алуға көмек көрсету қажет.

Қатысушылардың пікірлері:Әр жұп ойыннан кейін басқа қатысушылармен пікір алмасып,рөлдік ойынның нәтижелерін талқылайды.Қандай әдістер пайда болады?Қандай қиындықтар кездесті?

5. Топтық талқылау

Тақырып бойынша сұрақтар:

Эмоциялық қолдау көрсетудің ең тиімді әдісі қандай?

Қиын эмоцияларды басқару барысында қандай қателіктер жиі кездеседі?

Эмоциялық қолдау көрсету барысында педагог қандай құралдарды пайдалануы керек?

Әдістемелік кеңестің
№ 4 хаттамасы

24.05.2024ж
Қатысқаны: 18
Меңгеруші -1
Әдіскер – 1
Тақырыбы: Жылдық оқу –тәрбие жұмысының қорытындысы

Күн тәртібінде:

5. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
6. Оқу жылының қорытынды нәтижесі
7. 2024-2025 оқу жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау, пікір алмасу
ұсыныстар, міндеттер, қызметтің негізгі бағыттары
8. Балалардың мектепке оқуға дайындығы

Тыңдалды:

1. Балабақшас меңгерушісі К.Керимбаева өткен әдістемелік кеңеске тоқтала кетті. Педагогикалық этика-адамның сырт көрінісі, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәдениеті, өзін дұрыс ұстауы әрі ортасына байланысты киім киісі, дене қимылы жататыны туралы өткен әдістемелік кеңесте талқыланды. Адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы, этикалық сұлулықтың белгісі жайлы баяндалды. Өткен әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық деді.
2. Әдіскер Ж. Садыкова мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі әдістемелік жұмыс тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттырудың, бүкіл ұжымның шығармашылық әлеуетін дамытудың, тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін арттырудың негізгі тәсілі Мектепке дейінгі мекеменің жетістігі көп жағдайда педагогтермен жүргізілетін әдістемелік жұмыстың сапасына байланысты. Әдістемелік жұмыстың мақсаты – мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әрбір педагогының педагогикалық қызметінің жеке – қайталанбас және тиімді жүйесін қалыптастыру және дамыту, мектепке дейінгі ұйым мақсаты мен жылдық міндеттерін шешуде жағдай жасау болатын. Әдістемелік жұмыстың жоғары түрі бұл педагогикалық кеңес. Педагогикалық кеңес есептер, топтардағы жұмыс жағдайын талдау, диагностика нәтижелері, әдістемелік түрінде өткізілді. Балабақша тәрбиешілері әр түрлі тақырыпта ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттер өткізілді – деп өткен оқу жылында жүргізілген қысқаша шолу жасап өтті.
3. Садыкова Ж. Балабақша топтарының 2023-2024 оқу жылындағы қызмет әр түрлі және жан-жақты болғанын айта келіп, балабақшада 3-5 жас бала тәрбиеленуде. Оның ішінде қазақ балаларымен қоса, биылғы жылы өзге де ұлт өкілдерінің балалары оқып, тәрбиеленуде. Адам бойындағы қасиеттер балалық

шағынан қалыптасады. «Ұрпағым өнегелі, жақсы өсіп жетілсін десең, ең алдымен бесігіңді түзе» - деген ұлы жазушы М.Әуезовтың сөзі тегін емес. Жүйелі ұйымдастырылған тәрбие мен білім табалдырығын аттаған Ұлттық өнегенің ең асыл, ең нәрлі қасиеттерін сәби шақтарынан- ақ сіңірілуі қажет. Сондықтан да біздің балабақша күн тәртібіне бүлдіршіндердің қадамдарына ертеңге деген сенім патриоттық сезім ұялатары сөзсіз. Қазіргі күнде тәрбиешілердің біліміне назар аударылуда.

Балабақшамызда 20 педагог еңбек етуде. Тәрбиеленушілердің жан-жақты дамыған ұрпақ ретінде педагогтарымыз балабақша бүлдіршіндеріне ойын арқылы оқыту технологиясы жүйелі қолдануда. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе қалған жұмыстар бағыттарын ескере отырып, жаңа оқу жылының міндеттерін айқындаймыз. Өз ұсыныстарыңызды ортаға салсаңыздар.

Тәрбиеші У, Умирзокова сөз алып былай деді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін жандандыратын жұмыс бағытын қолға алсақ балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға әлі де толық айналыспай балалармен жеке жұмыс қолға алынбағанын айтты.

Әдіскер Ж.Садыкова келесі 2024-2025 оқу жылының мақсаты мектепке дейінгі жастағы толыққанды өмір сүруіне қолайлы жағдай жасап, мектепке дейінгі білім берудің заманауи сапасына қол жеткізу, оның балалардың тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін ақпараттық-әдістемелік, материалдық – техникалық жағдайларды ұйымдастыру,- деді.

4. Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі А.Досмуратова сөз алып функционалдық дайындығын анықтау мақсатында «Балақай» мектепалды тобының балаларын диагностикалық тексеру жүргізілгенін айтты. Мектепке әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық дайындық ұмтылыс, оқу мотивациясы, қарым-қатынас, ұйымшылдық, ой-өріс, маңызды психо-физиологиялық функцияларды дамыту: Оқу іс-әрекетінің психологиялық алғы шарттарын дамыту: танымдық белсенділік, еркіндік белсенділік қарқыны. Өзекті даму деңгейі. Зерттеу нәтижелері бойынша тобының оқу жылының соңында балалардың мектепке дайындығына жеке тексеру жүргізілді. Әдістеменің нәтижелері түлектердің оқуға деген ынталарының жақсы деңгейде екенін көрсетті.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Өткен оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыс жоспарланып, бекітілсін.
3. 2024-2025 оқу жылына әдістемелік жұмыс жоспарланып, бекітілсін.
4. Балалардың мектепке оқуға дайындығы қанағаттанарлық.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

К.Жеримбаева

Хатшы:



Г.Абдикаримова



